


Л 2016
1745к

Журнал
ЕРМАЖ

АРНАДЫМ
СІЗГЕ



Жүрсін ЕРМАН

АРНАДЫМ СІЗГЕ...

ҚАЗАқпарат

Алматы

2010

© Ж.ЕРМАН, 2010

00288200

УДК821.512.122-1

ББК84қаз7-5

E69

E69

Ж.Ерман

Арнадым сізге өлеңдер/Ж.ЕРМАН-

Алматы:ҚАЗАқпарат 2010ж 162 б.

Ақынның оқырман назарына ұсынып отырған бұл жинағына соңғы жылдары жазылған арнау өлеңдері, ой-толғамдары топтастырылып отыр.

ISBN 978-601-03-0080-4

УДК821.512.122

ББК84қаз7-5

ISBN 978-601-03-0080-4

©Ж.ЕРМАН,2010

Автордан

Арнау өлеңді ағаш аттың басына мінгізуші едік қой. Арнау өлең жазғыш деп біраз ақынды бәткерде қылдық. Соның бәрі бекер ме дедім. Абай ағаның тұңғыш өлеңі – арнау болатын. Ең тәуір өлеңдерінің біразы да әркімнің атына арналған. Орыстың ұлы ақындары Пушкиннің, Лермонтовтың, Есениннің, Блоктың арнау өлеңдері – асу бермес биік, қиял жетпес шеберлік. «Болмасаң да – ұқсап бақ» деген Абай сөзі де жадымызда. Арнау өлеңдерімді топтап жариялауға тәуекел етуімнің себебі – сол.

Арнадым Сізге, оқырман!



АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ

I

Тас болып тұрсың.
Өтеміз күнде осы арадан.
Өзіңнен басқа таппаймыз мұңдасар адам.

II

Абай ағамыз!
«Қазағым-ау» деп Сіз бізді көп аямаңыз:
Қатыгездікке келгенде карайып әлі
Сабак алатын жақсыны
Сабай аламыз.

Өтірік! Жалған –
Аспанның астын кернеген
бабаларымыз, меніңше, қасқырды ембеген:
Қакпанға түссе, тірсегін қиып кететін
Бөрінің серті сондықтан дәстүрге енбеген!

Қанағат та жоқ,
Рахымның ізі қалмаған,
Қайырым қылар дегенің –
Бұзык. Оңбаған.
Патшайым болар дейтіндей періште де жоқ,
Қу аяқ бар ма – қазақтың қызын алмаған!

Адамгершілік айрылды өз бағасынан,
Алдауға келсе, інісі озды ағасынан.
Түндіктен түсіп,



Кіндіктен қылмыс жасайтын
Түңіліп жүрміз қазақтың бозбаласынан.

Мұсылман таппай – отырар тізгін басында,
Тұлпарға тоқпақ таққан соң,
Құзғынға – сырға,
Құдайдан медет болмаса, қазағың әлі
Жылап көрісер, ей аға, Сіздің ғасырға!



**АҚЫННЫҢ ҮЙІ
НЕМЕСЕ
ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВТЫҢ ҮЙІН
ҚИРАТУ**

Дегені қайда – басылды құйын?
Ақылым жетпей, ашиды миым:
Виноградов көшесіндегі
Қиратып жатыр Қасымның үйін.

Қайтейін, кембақ астана сені!
Тиетіндей-ақ басқаға себі
-Қиратып жатыр Қасымның үйін,
Қиналып тапқан баспанасы еді...

Шақыр да шұқыр шаққанда әйнегін,
Ажалдың сездім ақпандай лебін.
Біртіндеп сөгіп қабырғаларымды
Кеудемді бұзып жатқандай менің!

Жырды қорғаудың кешікті ережесі,
Қирады, сынды есік-терезесі.
Сәби жырлардың бесігі еді,
Бар екен сонша бесікте несі?

Шашылды жерге – шамдары сыңғыр,
Тағы да үйсіз қалды арысың бір.
Қиратып жатыр Қасымның үйін,
Қолдарың сыңғыр, қолдарың сыңғыр!

Арнадым Сізге



Жүйрігім еді жыр көшіндегі,
Бауырын жазып бір көсілмеді.
Қиратып жатыр Қасымның үйін,
... Біздің үй соның іргесінде еді!



АПА


Сен өмірдің тауқыметін көп тарттың,
Көп тарттым деп кімге бірақ өкпе арттың:
Бар сырынды бүгіп, апа, ішіңе
Қатарында келе жатсың көп қарттың.

Уақыттың қарасаңшы озбырын:
Бел бүгілді, әлсіреді көз нұрың.
Күннен күнге бара жатыр сұйылып
Бөз жаулықтың астындағы боз бұрым.

Сен түсесің ертелі-кеш мың ойға,
Мұңайма деп қалай айтам, мұңайма.
Мәңгі қолың жетпес армандарыңа
Жеткізуге табады енді кім айла?!

Ей, тағдыр-ай, тағы да құм қаптырған,
Бірде – аспанға, бірде – жерге лақтырған.
Қайтсем аман алып қалар екенмін
Үмітінді – үзілуге шақ тұрған? – деп
күйзелем.

Күйзелем де, сенделем,
Тек мықтырақ болып шықтың сен менен.
Келер жаздың қамын ойлап жүресің
Шырақ етіп үмітінді сөнбеген.



Көптей алда көретін күн, татар дәм,
Бәрі қайтып келетіндей сапардан,
Ошағыңа от тұтатып жүресің
Қайратыңнан айналайын қаһарман!

Сезіміңді төзіміңе билетіп,
Қиындықтың қабырғасын күйретіп,
Сен әлі де жүрсің маған, аяулым,
Өмір үшін күресуді үйретіп!



ЕРТЕГІ

Ғалам жайлы ғажап сырлар шертеді
-Ертегіні тәуір көрем мен тегі.
Осы күні ойлап көрсем, жасымда
Шешем маған айтпапты еш ертегі.

Балалық-ай – жамау-жасқау көрпелі,
Ақауы бар көңіл енді дертеді.
Айтпайын деп айтпады ма – мұршасы
Болмапты ғой айтар оның ертегі.

Соғыстан соң жимаған кез жұрт есін,
Сәби көздің жасын өзің сүртесің,
Таңсәріде кететін ол шығырға
Әкеміздің киіп солдат күртесін.

Шықпаған кез елдің әлі бүйірі,
Ең тәуір ас – жүгерінің түйірі.
Кешке келсе, күтіп оны тұратын
Жанбаған от, сауылмаған сиыры.

Парыз-бейнет босатпайды арқаны,
Отын шауып, диірменін тартады.
Су әкелу, тезек теру аз болса
Мүгедек боп оралған жар бар тағы.

Қалай бәрін үлгертті екен, есепте!
Қалай ғана тесілмеді қос өкпе?
Ертегі боп ұйқыны бір қандыру
-Өзер жетіп жығылатын төсекке!

Ертегіде жібердің деп есені
Жазғыруға болмайды енді шешені.
Апашымның азайғанда бейнеті,
Алпамса ұлға ертегі айту кеш еді!

Қартайды ана.
Көп арман бар ойында,
Мазалайды ажал жайлы уайым да.
Мен шешеме айтам енді ертегі
Жүз жасайтын кейуаналар жайында!



ӘКЕ


Өмір-аяз арқамды қарып бүгін
Тарықтым ғой!
Тарықты, тарықты ұлық...
Тарыққаным сездің бе, түсіме ендің,
Түсіме еніп көрмеп ең жарықтығым!

Түсіме ендің – бар шығар бір себебің.
Үстіңде сол солдаттық сұр шинелің.
Суық жүзбен қарайсың жазғырғандай
Мойыныма су кетіп жүрсе менің...

Елің үшін, ұрпақ пен ұлан үшін
Сен мерт болдың.
Мен жүрмін жылап ішім.
Осалдаумын. Боспын мен. Оған бірақ
Ажалыңмен, сен де, әке, кінәлісің!

Аман болса елімнің көші алдағы
Дей алмайды мені ешкім осал бағы,
Аялап-ақ өсірді елім бірақ,
Әке, сенің орныңды баса алмады!

Қандай пайда қарынның тоқтығынан,
Шобырдаймын – шаң кетпес шоқтығынан.
Жасықтаумын. Жалтақпын. Соның бәрі,
Әке сенің өмірде жоқтығыңнан!



Батылырақ емеспін, татымдырақ,
(Бұл сырымды білмейді жатым бірақ).
Өзің болсаң – өткірлеу болар ма едім.
Болар ма едім сен болсаң – ақылдырақ!
Әке болдым. Жасықтық – мін екенін
Жуас ұлға ұқтырып, түлетемін.
Кім екенін білмеп ем мен әкенің,
Әкесіздің білмейді ол кім екенін.

Өмір – айна. Кейде айна шатынайды,
Тамағыңның тұзы ылғи татымайды.
Ал жуас ұл қатулау қабағымды
Қабағының астымен бақылайды.

Мен марқайып елімнің қымтауына,
Көнбеп едім тағдырдың ұнтуына
Өзің болсаң деймін ғой, кім біледі,
Бұл әншейін көңілдің сылтауы ма!..



БАҚЫТЖАМАЛҒА

Ей, ардақты анасы үш баламның!
Есінде ме мен белден ұстаған күн.
Қараң қалған күн болып көрінетін
Маған сені сүймеген,
Құшпаған күн.

Сен – үйдесің,
Мен енді тысқа алаңмын,
Шықтым талай ішінен қысталаңның.
Кеттім талай тісінде тістегеннің,
Кеттім талай қолында ұстағанның.

Мұқалсам да жүзіндей ұстараның,
өзің барда мен әлі ұшталамын.
Болсын десең дұшпанға жүзің жарқын –
Жүру керек қасында күшті адамның.

Қарындаштай көп жазған – қысқарармын,
Бір күн өмір легінен тыс қалармын.
Сен аман бол – тірегі үш ғаламның,
Ей, ардақты анасы үш баламның!

КЕЙКІ

Шайқаңыз басыңызды, шайқаманыз,
Біз кімге тура қарап, не айта аламыз?
Торғайдың даласында, бір шұқырда
Үйелеп жатқаны рас Кейкі ағамыз...

Қазаққа қорған болып оқ қағардай
Асынып алмас қылыш тақпағандай.
Қараусыз жатыр Кейкі сай түбінде
Аттандап жауға қарсы шаппағандай.

Найзасын ойға сілтеп, қырға бұлғап,
Дұшпанға ұрмағандай ырғап-ырғап.
Жыртылған шекпенінің етегіндей
Басында бір қаңылтыр тұр қаңырап.

Білсек те ұлы арманның өлмейтінін,
Қарашы құлазуын ел кейпінің.
Жеткендей болады ылғи құлағыма
Қапыда аһ ұрғаны сол Кейкінің.

Ғасырлар өтер, бәлкім, кек суына,
Қылышын ұлдар “Кейкі” деп суырар.
Ал менің жүзім қайдан жарқын болсын
Кеудемде Кейкі ағамның өксуі бар...



МЕНИҢ БАБАМ – ТІЛЕУЛІ

Иемденіп жүргенім жоқ
аңыздағы біреуді:
Ақ найзасы ата жауға білеулі
Көк сүңгісі көп дұшпанға тіреулі.
Менің бабам –
Ұзын Қыпшақ Әбдірахманұлы Тілеулі.

Қобыланды бабасындай
Түспей жүріп ол да аттан
Қалмақ көрсе, қойдай қырып,
Қолы тисе, мал баққан,
Кірпігіне қырау тұрып,
Қабағына қан қатқан
Ер Тілеулі көп ұл сүйген
Қазақ, башқұрт,
түрікпеннен, қалмақтан.
Біз батырдың ұрпағымыз
Жан баққан.

Уысында ұстай жүріп
Бұлттай көшкен осы елді,
Тоғыз қатын алыпты ол –
Менің тоғыз шешемді.
Ал мен болсам – бір әйелден аса алмай,
Беріп қойғам есемді.



Жерге кіріп кете жаздап –
сол білесе көсеуді,
Мәз боламын төкпей-шашпай
ұстағанға кесемді.

Сөйтiп жүрiп:
– Тiлеулiнiң тұқымымыз, байқаңыз! –
деп ендi бiз бойға сыймас
ертегi сөз айтамыз.
Және соған сенемiз.
Ер бабадай топырлатып
ұл туғызсақ,
Замананың ғұрпын бұзсақ,
Ұйып тұрған отбасының
шырқын бұзсақ – өлемiз.

...Мен бабама тартып туған,
Артық туған баламын.
Ей, бәйбiше! Көбеймесiн
Көңiлдегi алаңың.
Тiлеулiден қайта туып,
қайта келсем өмiрге
Мен өзiндi, тек өзiндi аламын!



ӘЙЕЛГЕ ОДА

Қай жерде, мейлі, қай елде
Әлемнің мәні – Әйелде
Шын мықты болсаң оныңды
Әйелге барып дәлелде!

Әйелсіз айтпан әнді мен,
Әйелмен дәмді әңгімем.
Сүйкімді болсаң шынымен
Әйелің сүйсін алдымен!

Әйелге мәлім көп сырың,
Сүрінсең – әйел деп сүрін.
Халыққа сыйлы болмайсың
Әйелге болсаң жексұрын.

Әйелсіз қонды бақ қашан,
Әйел деп түстік отқа сан.
Әлемнің тілін таппайсың
Әйелдің тілін таппасаң!

Ананың сорып емшегін
Басылған талай кемсеңің.
Бәдік боп өмір кешесің
Бермесе әйел жень-шенін.

Болмасын әйел назалы,
Болмасын әйел жазалы.
Кеудесін қаққан талайдың
Әйелден болған ажалы!

Әйелден ыстық от барма?
Сол үшін түстік көкпарға.
Қарғағың келсе біреуді
Әйелің өлсін деп қарға!

Әйелмен құның өлшенер,
Құдайдан кейін - сол шебер.
Бақытты сен де болмайсың
Әйелің сорлы болса егер!

Сырыңды соған апасың,
Шөліңді содан басасың.
Адамның күні әйелмен,
Әйелдер мәңгі жасасын!



АМАНГЕЛДІ ЕРМЕГИЯЕВҚА

Ілесе алмай желіккен заманаға
Жібек көңіл жыртылса жамала ма?!
Байқа дейсің.
Байқауға мұршам келмей,
Қайқандаймын ер батып, Аман аға!

Қатал заман жеткізбей қармасуға,
Ақылым мен азабым арбасуда.
Кейде батып барамын су түбіне
Кейде тұрам қалтылдап жар басында.

Әлі талай алдымда майдан бардай
Жүрем ылғи жиын мен тойдан қалмай.
Аңқылдаған көңілім алып-ұшып
Отқа түсіп кетемін кейде аңғармай.

Қанат қалай ұшуға талпынбасын,
Арман, әлі албыртқан қалпындасың.
Ақын болсам,
Ақынның тағдырынан
Қайда қашып құтылар алтын басым?!

Ішім – жұқа,
Бір жанмын сырты – қалың,
Ертеңіме өнмендеп ұмтыламын.
Маңайымда мейірбан жандар барда
Мамыражай сеземін күн туарын.

Тайып кетсе тақымым – таяқ дайын,
Жақсы кісі – секілді саяқ қайың.
Арасынан тұманның бұлдырайсың,
Жағалаудан жылт еткен маяктайын.

Олқым да көп,
Кешірімес кемісім бар
Тікеніме тырнатпай, жемісімді ал.
Үзілмесін үміті үлкендердің,
Аман болсын ағалар мені шындар!



ҚОНАЕВҚА

Халықты кемітпесе құл-құтан деп,
Қараулық көрсетпесе кімді ұтам деп,
Құдайдың сүйген құлы сол емес пе –
Кемеңгер ұл Қонаев Дінмұхамед.

Бір мысқал болмаған соң ісінде олқы
Сүйді оны биіктігі үшін халқы.
Тақ үшін туғандай боп көрінетін
Мәрмәрдан қашалғандай мүсін қалпы.

Жүйріктің бермес болса жұлдесін де
Қарт тарих қалдырады кімді есінде.
Төбеміз тиюші еді көкке барып –
Сол тұрса политбюро мінбесінде.

Ұғынсақ ер қадірін енді ұғайық,
Көңілдің болмас ерге кеңдігі айып.
Қайтер ек ел тізгінін ұстап қалса
Миғұла Меңдібаев, Сендібаев.

Заманда алақұйын алмағайып
Таңқалсақ –таланттарға таңқалайық:
Бүгінгі ел басқарған Сұлтаныңды
Таныған тай күнінде сол Қонаев